

**«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржылық нәтижелері**

Нұр-Сұлтан, 2021 жылғы 26 тамыз – «КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ», «Компания»), Қазақстанның тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниясы тәуелсіз аудитордың аралық қаржылық ақпаратты шолуды тексеру нәтижелері бойынша есебімен қоса, 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты айдағы 34 «Аралық қаржылық есептілік» қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес дайындалған қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жариялайды.

2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы негізгі қаржылық нәтижелер¹:

- 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы түсім 38,5%-ке ұлғайды және өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 3 122 млрд теңгені (7 360 млн АҚШ долл.) құрады;
- EBITDA көрсеткіші 2020 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 92,6%-ке 1 063 млрд теңгеге дейін (2 507 млн АҚШ долл.) өскенін көрсетті;
- Есепті кезеңде Компанияның таза пайдасы 2020 жылдың бірінші жартыжылдығындағы 21 млрд. теңгемден (51 млн. АҚШ долларымен) салыстырғанда 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 31 есеге 644 млрд теңгеге (1 519 млн АҚШ доллары) дейін артты. Негізгі компанияның акционерлеріне келетін кезеңдегі таза пайда 644 млрд теңгені (1 518 млн АҚШ долл.) құрады;
- Еркін ақша ағыны 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында - 5 млрд. теңгемден (-12 млн. АҚШ долл.) салыстырғанда 291 млрд теңгені (685 млн АҚШ долл.) құрады;
- 2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияның таза борышы 2020 жылдың аяғында 6 162 млн АҚШ доллар деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 10,2%-ке төмендеп, 5 533 млн. АҚШ долларын құрады;
- 2021 жылғы 30 маусымдағы жалпы борыш 2020 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 0,6%-ке төмендеді және 9 629 млн. АҚШ долларын құрады.

	Өлшем бірлігі	1Ж2021	1Ж2020	%
Мұнай, Dated Brent ¹	\$/барр.	64,98	40,07	62,2%
Орташа бағам	теңге / АҚШ долл.	424,22	404,71	4,8%
Түсім	млрд теңге	3 122	2 254	38,5%
Бірлесіп бақыланатын ұйымдар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес	млрд теңге	481	224	114,7%
Таза пайда	млрд теңге	644	21	-
Негізгі компания акционерлеріне келетін кезеңдегі таза пайда	млрд теңге	644	104	519,2%

¹ Сомалар қолайлы болу үшін АҚШ долларында тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы бойынша көрсетілген (2021 және 2020 жылдардың бірінші жартыжылдығындағы орташа бағамдар 424,22 және тиісінше 404,71 теңге/АҚШ долларын құрайды. 2021 жылғы 30 маусымға және 2020 жылғы 31 желтоқсанға – кезең соңындағы бағамдар 427,89 және тиісінше 420,91 теңге/АҚШ долларын құрайды).

ЕБИТДА ²	млрд теңге	1 063	552	92,6%
ЕБИТДА ³ түзетілген көрсеткіші	млрд теңге	704	344	104,7%
Бос ақша ағыны ⁴	млрд теңге	291	-5	-
Күрделі шығындар (есептеу әдісі бойынша)	млрд теңге	167	243	-31,3%
Күрделі шығындар (кассалық әдіс бойынша)	млрд теңге	153	227	-32,6%
Таза қарыз ⁵	млрд теңге	2 367	2 594 ⁷	-8,8%
Жалпы қарыз ⁶	млрд теңге	4 120	4 078 ⁷	1,0%

¹ Дереккөз: S&P Global Platts.

² ЕБИТДА = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлес минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығындар минус тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.

³ ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші = түсім плюс бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер минус сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің және басқа материалдардың өзіндік құны минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығыстар минус тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар минус табыс салығынан басқа салықтар.

⁴ Бос ақша ағыны = операциялық қызметтен алынған ақша ағыны минус негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау мен бағалау активтерін сатып алу плюс қазақстандық құбыр активтерінің КҚК пайдасына берілуіне байланысты бұрын бірлескен кәсіпорынға, Каспий құбыр консорциумына (КҚК) берілген қарыз бойынша түсімдер. ҚТК 2020 жылы ҚМГ алдындағы қарыз бойынша сыйақыларды 38 млрд. теңге мөлшерінде толық өтеуді жүзеге асырды.

⁵ Таза борыш = ұзақ мерзімді қарыздар плюс ағымдағы қарыздар минус ақша қаражаты және олардың баламалары минус қысқа мерзімді банк салымдары минус ұзақ мерзімді банк салымдары. Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

⁶ Жалпы борыш = ұзақ мерзімді қарыздар плюс ағымдағы қарыздар. Берілген кепілдіктер есепке енгізілмеген.

⁷ 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша.

2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы өндірістік нәтижелер:

- Мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі 2020 жылдың бірінші жартыжылдығындағы 11 345 мың тоннамен салыстырғанда 10 738 мың тоннаны құрады;
- Мұнай тасымалдау көлемі 2020 жылдың бірінші жартыжылдығындағы 37 328 мың тоннамен салыстырғанда 36 949 мың тоннаны құрады;
- Газ тасымалдау 46 411 млн м³ құрап, 2,7%-ке өсті;
- Қазақстан және Румынияның МӨЗ-інде көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі бір жыл бұрынғы 8 290 мың тоннаға қарағанда 17,0%-ке өсіп, 9 704 мың тоннаны құрады.

	2021ж. 1Ж (ҚМГ үлесіне)	2020ж. 1Ж (ҚМГ үлесіне)	%
Мұнай өндіру, мың тонна	10 738	11 345	-5,3%
Газ өндіру, млн м ³	4 079	4 321	-5,6%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	36 949	37 328	-1,0%
Газ тасымалдау, млн м ³	46 411	45 172	2,7%
Мұнай өңдеу, мың тонна	9 704	8 290	17,0%

Өндірістік көрсеткіштер өзгерісін өзгеше көрсетілмесе, бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы ҚМГ-нің иелену үлесіне сәйкес шоғырландырылған еншілес ұйымдар үшін көрсеткіштердің 100%-і көрсетілген.

Неғұрлым толығырақ ақпарат 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы өндірістік нәтижелер туралы баспасөз хабарламасында мына сілтеме арқылы қолжетімді:
https://www.kmg.kz/uploads/reporting-and-financial-result/operating-results/Operating_results_6M_2021_ru.pdf

2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қаржылық нәтижелерге шолу

Түсім

2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы түсім 3 122 млрд теңгені (7 360 млн АҚШ долл.) құрады, бұл 2020 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткіштен 38,5%-ке жоғары. Түсімнің қарқынына негізгі оң әсерді Brent Dated маркалы мұнай бағасының жылдан жылға 62,2%-ке өсуі және теңгенің АҚШ долларына орташа айырбас бағамының жылдан жылға 4,8%-ке бәсеңдеуі, сондай-ақ KMG International N. V (KMGi) мұнай және мұнай өнімдері трейдингі көлемінің ұлғаюуы әсер етті. Түсімнің өсуі ОПЕС+ Келісіміне сәйкес жекелеген кен орындарында өндіруді шектеумен, сондай-ақ экспортқа газ өткізу көлемінің төмендеуі салдарынан «ҚазТрансГаз» АҚ (ҚТГ) түсімінің төмендеуімен, сондай-ақ газды өткізудің орташа бағасымен тоқтатылды.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес 2020 жылдың бірінші жартыжылдығындағы 224 млрд теңгеден (554 млн АҚШ доллары) бастап 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында 481 млрд теңгеге (1 134 млн АҚШ долларына) дейін ұлғайды. Негізінен бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлестің өсуі мынадай компаниялар есебінен болды: «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) 199 млрд теңге (469 млн АҚШ доллары) мөлшерінде, «Азиялық газ құбыры» ЖШС (АГҚ) 121 млрд теңге (285 млн АҚШ долл.) мөлшерінде, ҚМГ Қашаған Б. В. 31 млрд теңге (73 млн АҚШ долл.) мөлшерінде, Mangistau Investment B. V. (ММГ) 27 млрд теңге (63 млн АҚШ долл.) мөлшерінде және Бейнеу-Шымкент газ құбыры 36 млрд теңге (85 млн АҚШ доллары) мөлшерінде. 2021 жылдың бірінші жартыжылдығының нәтижелері бойынша бухгалтерлік таза шығын Ural Group Limited-те (ОГЛ) 5 млрд теңге (12 млн АҚШ доллары) мөлшерінде және «Теңіз Сервис» ЖШС-да 3 млрд теңге (7 млн АҚШ доллары) мөлшерінде қалыптасты.

ЕБИТДА

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында ЕБИТДА көрсеткіші «Мұнай мен газды барлау және өндіру», «Газ өткізу және тасымалдау», «Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және өткізу» және «Корпоративтік орталық» сегменттеріндегі ЕБИТДА өсуі салдарынан 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында 552 млрд теңгеден (1 364 млн АҚШ доллары) бастап өскенін көрсетіп, 1 063 млрд теңгені (2 507 млн АҚШ долл.) құрады.

ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың кірістеріндегі үлесті қоспағанда, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтерді көрсететін ЕБИТДА түзетілген көрсеткіші жылдан жылға 104,7%-ке өсуін көрсетіп, 704 млрд теңгені (1 659 млн АҚШ долл.) құрады.

Таза пайда

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында Компанияның таза пайдасы 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында 21 млрд теңгеден (51 млн АҚШ доллары) ұлғайып, 644 млрд теңгені (1 519 млн АҚШ долл.) құрады. Пайданың өсуі мұнайдың орташа бағасының өсуімен, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлеске жататын түсім мен кірістердің өсуімен, сондай-ақ өндірістік шығыстардың, жалпы және әкімшілік

шығыстардың төмендеуімен және 2021 жылғы бірінші жартыжылдықта негізгі құралдардың, барлау және бағалау жөніндегі активтердің елеулі құнсыздануының болмауымен түсіндірілді.

Негізгі компанияның акционерлеріне келетін кезеңдегі таза пайда 644 млрд теңгені (1 518 млн АҚШ долл.) құрады.

Өзіндік құн

Есепті кезеңде сатып алынатын мұнайдың, газдың, мұнай өнімдері мен өзге де материалдардың өзіндік құны мұнай сатып алудың орташа бағасы мен көлемінің ұлғаюына және теңгенің АҚШ долларына орташа айырбас бағамының әлсіреуіне байланысты 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 50,0%-ке артып, 1 689 млрд теңгені (3 981 млн АҚШ долл.) құрады. Бұл қайта сату үшін сатып алынған газ шығындарының төмендеуімен және қайта сату үшін сатып алынған мұнай өнімдерінің шығындарының төмендеуімен ішінара теңестірілді. Қайта сату үшін сатып алынатын газға арналған шығындар 58,5%-ке төмендеп, 85 млрд теңгені (201 млн АҚШ долл.) құрады.

Басқа шығыстар

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында өндірістік шығыстар 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 3,6%-ке төмендеді және қысқа мерзімді жалдау бойынша шығыстардың 51,7%-ке, 14 млрд теңгеге (32 млн АҚШ долларына) дейін төмендеуі салдарынан 351 млрд теңгені (827 млн АҚШ долл.) құрады.

Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар тиеу, тасымалдау және сақтау бойынша шығыстардың өсуі салдарынан жылдан жылға 5,4%-ке 234 млрд теңгеге (552 млн АҚШ долл.) дейін ұлғайды.

Жалпы және әкімшілік шығыстар 8,0%-ке, 69 млрд теңгеге дейін (162 млн АҚШ долл.) төмендеді, бұл консультациялық қызметтер бойынша шығыстардың төмендеуімен, өтелетін ҚҚС құнсыздануын қалпына келтірумен және негізінен 2020 жылы ҚМГ Корпоративтік орталығының ұйымдық құрылымының өзгеруі нәтижесінде еңбекақы төлеу бойынша шығыстардың азаюымен түсіндірілді.

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында табыс салығынан басқа, салықтар 41,7%-ке ұлғайды және мұнайдың орташа бағасының өсуі нәтижесінде 197 млрд теңгені (465 млн АҚШ долл.) құрады.

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында жалдау шарттары бойынша проценттік шығысты қоса алғанда, қаржылық шығыстар 137 млрд теңгені (323 млн АҚШ долл.) құрады, бұл жалдау шарттары бойынша шығыстардың өсуінің нәтижесінде 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,5%-ке жоғары, ол негізінен 2021 жылға арналған "Сарыарқа" магистральдық газ құбырын жалға алудың жаңа шартымен және ҚТГ офисі мен архивтік үй-жайларын жалға алудың ұзақ мерзімді шарттарымен түсіндірілді.

Күрделі шығындар

2021 жылдың бірінші жартыжылдығында күрделі шығындар (есептеу әдісі бойынша, сегменттік есептілікте ашылған) 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында 43 млрд теңгеден (602 млн АҚШ долл.) 31,3%-ке төмендеп, 167 млрд теңгені (392 млн АҚШ долл.) құрады.

Кассалық әдіс бойынша күрделі шығындар жылдан жылға 32,6%-ке төмендеп, 153 млрд теңгені (361 млн АҚШ долл.) құрады. Күрделі шығындар КМГИ-де 2020 жылы жоспарлы жөндеу жұмыстарының орындалуына байланысты, ҚТГ-де 2020 жылдың есепті кезеңінде ірі инвестициялық жобаларды аяқтауға байланысты және 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-да 2019 жылы сатып алынған мұнайды терең өңдеу кешені үшін негізгі құралдар үшін ақы төлеуге байланысты төмендеді.

Борышты басқару

Борыштық жүктеменің көрсеткіштері

	Өлшем бірлігі	2021 жылғы 30 маусым	2020 жылғы 31 желтоқсан	%
Облигациялар	млрд теңге	2 996	2 978	0,6%
Қарыздар	млрд теңге	1 124	1 101	2,1%
Жалпы борыш	млрд теңге	4 120	4 078	1,0%
«Бейнеу – Шымкент газ құбыры» ЖШС синдикатталған қарызы бойынша кепілдік міндеттемелер	млрд теңге	200	227	-11,9%
«АстанаГаз ҚМГ» АҚ синдикатталған қарызы бойынша кепілдік міндеттемелер	млрд теңге	1,7	1,9	-10,5%
Кепілдік міндеттемелерді ескере отырып, жалпы қарыз	млрд теңге	4 322	4 308	0,3%

Дөңгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша жалпы қарыз теңгенің АҚШ долларына бағамының өзгеруіне байланысты 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсеткішпен салыстырғанда теңге мәнінде 1,0%-ке ұлғайып, 4 120 млрд теңгені құрады. 2021 жылғы 30 маусымға арналған жалпы қарыз 2020 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда 0,6%-ке (9 690 млн АҚШ доллары) төмендегенін көрсетіп, доллар мәнінде 9 629 млн АҚШ долларын құрады.

2021 жылғы 30 маусымдағы кепілдік міндеттемелерді есепке алғандағы жалпы қарыз 2020 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда теңге мәнінде 0,3%-ке артып ²(доллар мәнінде 1,3%-ке төмендеуі), 4 322 млрд теңге (10 101 млн АҚШ долларын) құрады.

Есепті кезең ішінде АтМӨЗ The Export-Import Bank of Chinaдан 79 млн. АҚШ долларында кредитті ішінара өтеуін жүргізді және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың 142 млн. АҚШ долларындағы кредитін толық өтеді. АтМӨЗ қолданыстағы қарыздарды қайта қаржыландыру үшін 4 жыл өтеу мерзімімен жалпы сомасы 54 млрд теңгеге «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тан ұзақ мерзімді қарыз алды. КМГИ айналым капиталын қаржыландыру үшін Cargill-ден 50 млн АҚШ долл. сомасында, Banque de Commerce et de Placements-тен 44 млн АҚШ долл. сомасында қысқа мерзімді қарыздар алды. КМГИ 63 млн АҚШ доллары сомасында айналым капиталын қаржыландыру мақсаттары үшін тартылған синдикатталған қарызды да алды және сыйақыны қоса алғанда 10 млн АҚШ долл. ішінара төледі.

² Бейнеу-Шымкентгаз құбырының (БШГ) 200 млрд теңге сомасындағы (468 млн АҚШ доллары) синдикатталған қарызы бойынша кепілдік міндеттемелердің, «АстанаГаз ҚМГ» АҚ-тың 1,7 млрд теңге (4,0 млн АҚШ долл.) сомасындағы қарызы бойынша кепілдік міндеттемелердің номиналды сомасын қамтиды.

ҚМГ-нің 2021 жылғы 30 маусымға таза борышы 2 367 млрд теңге (5 533 млн АҚШ долл.) құрады, ол теңге мәнінде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсеткіштен 8,8%-ке төмен (доллар мәнінде 10,2%-ке төмендету).

Ақша қаражаты

Шоғырландырылған ақша қаражаты мен оның баламалары және депозиттер түріндегі ақша қаражаты

	Өлшем бірлігі	2021 жылғы 30 маусым	2020 жылғы 31 желтоқсан	%
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	млрд теңге	1 445	1 146	26,1%
Қысқа мерзімді депозиттер	млрд теңге	253	282	-10,3%
Ұзақ мерзімді депозиттер	млрд теңге	55	57	-3,5%
Ақша қаражаты мен оның баламалары және депозиттер түріндегі ақша қаражаты	млрд теңге	1 753	1 485	18,0%

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша шоғырландырылған ақша қаражаты мен олардың баламалары және депозиттер түріндегі ақша қаражаты 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсеткішпен салыстырғанда 18,0%-ке артты және 1 753 млрд теңгені құрады. Шоғырландырылған ақша қаражаты және олардың баламалары доллар мәнінде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы 3 528 млн АҚШ доллары деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда 16,1%-ке 4 096 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды.

Негізінен, ақшалай қаражатты және олардың баламаларының ұлғаюы 444 млрд теңге (1 046 млн АҚШ доллары) сомаға операциялық қызметтен алынған оң таза ақша ағынымен және өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда күрделі шығындардың төмендеуімен түсіндіріледі.

2021 жылдың басынан корпоративтік негізгі оқиғалар:

- 2021 жылғы 11 наурызда ҚМГ мен «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ АҚ ҚТГ-нің жай акцияларының 100%-не қатысты сенімгерлік басқару шартына қол қойды;
- 2021 жылдың 30 наурызынан бастап ҚМГ-нің 6,25 млрд АҚШ доллары жалпы сомасындағы еурооблигациялары Astana International Exchange ресми тізіміне енгізілді;
- 2021 жылғы 21 сәуірде ҚТГ 2021 жылғы 30 наурыздағы келісім алу туралы меморандумға сәйкес шығарылым талаптарын оңтайландыруға 2027 жылы өтеу мерзімімен ҚТГ еурооблигацияларын ұстаушылардың келісімін алды;
- 2021 жылғы 30 сәуірде S & P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі ҚМГ-нің кредиттік рейтингін «теріс» болжамы бар «BB» деңгейінде растады;
- АтМӨЗ бен Еуропа қайта құру және даму банкі 2021 жылғы 3 маусымда TAZALYQ жобасын 80 млн. АҚШ долларына дейінгі баламалы теңгедегі сомада қаржыландыру туралы келісімге қол қойды;
- ҚМГ мен «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ 2021 жылғы 4 маусымда «Әл-Фараби Оперейтинг» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 49,99% сатып алу-сату шартына қол қойды;
- 2021 жылғы 16 маусымда ҚМГ 2025, 2027, 2030, 2047, 2048 жылдары өтеу мерзімі бар ҚМГ еурооблигацияларын ұстаушылардың ҚМГ-нің 2020 жылғы еурооблигацияларын шығару талаптарына сәйкес келтіруге келісімін алды;

- Самұрық-Қазына мен ҚР Ұлттық банкінің шешіміне сәйкес 2021 жылдың мамырында 2020 жылғы дивидендтерді жариялағаннан кейін 3 тамыздағы жағдай бойынша ҚМГ Самұрық-Қазынаның 45 млрд теңге сомасындағы (107 млн. АҚШ долл.) және ҚР Ұлттық банкіне 5 млрд теңге сомасындағы (11 млн АҚШ долл.) дивидендтерді қоса алғанда, 50 млрд теңге (118 млн АҚШ долл.) сомасындағы дивидендтерді толығымен төледі.
- 2021 жылғы 12 тамызда «Moody's Investors Service» халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстанның тәуелсіз рейтингінің көтерілуіне байланысты ҚМГ-нің кредиттік рейтингін «Ваа3»-тен «Ваа2»-ге дейін көтерді. Рейтинг бойынша болжам «жағымдыдан» «тұрақтыға» өзгертілді.

Неғұрлым толығырақ ақпарат мына сілтеме бойынша қолжетімді:
<https://www.kmg.kz/rus/investoram/reporting-and-financial-result/>

Байланыстар:

ir@kmg.kz

тел: +7 7172 78 63 43

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ туралы:

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстанның жетекші тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, қайта өңдеуге және мамандандырылған қызметтерді ұсынуға дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүддесін білдіреді.

ҚМГ негізгі активтерін мыналар қамтиды:

Барлау және Өндіру: Өзенмұнайгаз (ӨМГ) – 100%, Ембімұнайгаз (ЕМГ) – 100%, Қазақтүрікмұнай (ҚТМ) – 100%, ҚазМұнайТеңіз – 100%, Өріктау (ӨО) – 100%, Маңғыстаумұнайгаз (ММГ) – 50%, Қазгермұнай (ҚГМ) – 50%, Қаражанбасмұнай (ҚБМ) – 50%, Қазақойл Ақтөбе (ҚОА) – 50%, ПетроҚазақстан Инк (ПҚИ) – 33%, Теңізшевройл (ТШО) – 20%, Қарашығанақ (ҚПО) – 10%, Қашаған – 8,44%.

Мұнай мен газды тасымалдау, газ маркетингі: ҚазТрансОйл – 90%, Қазақстан-Қытай Құбыры (ҚҚК) – 50%, Мұнай Тас – 51%, Batumi Oil Terminal – 100%, КҚК – 20,75%, Қазақтеңізкөлікфлоты – 100%, ҚазТрансГаз – 100%, ИОА – 100%, АГҚ – 50%, ҚТГ Аймақ – 100%, БШГ – 50%, ҚазРосГаз – 50%.

Қайта өңдеу: ПМХЗ – 100%, АтМӨЗ – 99,53%, ПҚОП – 49,72%, KMG International – 100% (Петромидия – 54,63%, Вега – 54,63%).